

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ САБАҚТАН ТЫС ІС-ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН БАСҚАРУДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ**

**Кайрова Гульмира Максұтовна**

7M01301- «Білім берудегі менеджмент» білім бағдарламасының 2 курс магистранты, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы Ғылыми жетекшісі: қауымдастырылған профессор, PhD – Ф.Б.Кинжибаева

Сабақтан тыс іс-әрекет – бұл оқу процесінен тыс уақытта ұйымдастырылатын тәрбие жұмыстарының кешені. Оның педагогикалық негіздері мен принциптері оқушылардың тұлғалық дамуына зор әсер етеді. Сабақтан тыс іс-әрекет балалардың қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес ұйымдастырылуы қажет.

Оның басты педагогикалық принциптері:

- Дамытушылық қағидасы – оқушылардың логикалық ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту.
- Жас ерекшелігін ескеру – оқушының психологиялық және физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес жұмыс жүргізу.
- Тұлғалық-бағдарлы оқыту – әр оқушының жеке тұлға ретінде дамуына бағытталған іс-әрекет.
- Ізгіліктілік және ынтымақтастық – мұғалім мен оқушы арасындағы сенімді қарым-қатынас орнату.
- Әлеуметтік байланыс – ата-аналармен және қоғаммен тығыз қарым-қатынас орнату.

Бұл принциптер сабақтан тыс іс-әрекетті тиімді ұйымдастыру үшін негіз бола алады. Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастырудың педагогикалық негіздерінің бірі – сабақтан тыс іс-әрекетті жүйелі жүргізу. Бұл оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануға, шығармашылық әлеуетін ашуға, тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мақалада осы іс-әрекетті ұйымдастырудың теориялық-практикалық жақтары қарастырылады.

Сабақтан тыс іс-әрекет – оқушылардың тәрбиесі мен дамуына әсер ететін кешенді педагогикалық процесс. Оның мазмұны мен формалары оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына сәйкес құрылуы тиіс. Бұл іс-әрекет арқылы оқушы тек білім алып қана қоймай, қоғамдық ортада өзін танып-білуге, қарым- қатынас жасауға, шығармашылық ойлау мен шешім қабылдауға үйренеді.

Сабақтан тыс іс-әрекетті ұйымдастырудың педагогикалық негіздері мыналарға сүйенеді:

- Дамытушылық қағидасы – оқушының шығармашылық қабілетін, логикалық ойлауын дамыту;
- Жас ерекшелігін ескеру – бастауыш сынып оқушыларының психологиялық қажеттіліктерін ескере отырып жұмыс жүргізу;
- Тұлғалық-бағдарлы оқыту – әр оқушыны жеке тұлға ретінде тану;
- Ізгіліктілік және ынтымақтастық – мұғалім мен оқушы арасындағы сенімді қарым-қатынас орнату;
- Әлеуметтік байланыс – ата-анамен, қоғаммен тығыз қарым-қатынаста болу. Мысалы, көркем өнер үйірмелері, спорттық ойындар, сахналық қойылымдар, ерікті жобалар оқушылардың бойындағы шығармашылықты

дамытып қана қоймай, олардың тәртіпті, жауапты, еңбекқор тұлға болып қалыптасуына әсер етеді. Мұндай іс-әрекеттер арқылы тәрбиенің негізгі бағыттары – адамгершілік, азаматтық, патриоттық, эстетикалық тәрбие жүзеге асады.

Оқыту мен тәрбиенің өзара байланысы – сабақтан тыс іс-әрекетті ұйымдастырудағы негізгі ұстанымдардың бірі. Тәрбиелік мазмұндағы жұмыстар оқыту үдерісінің жалғасы ретінде қарастырылып, оқу пәндеріндегі білім мен дағдыларды өмірде қолдану тәжірибесіне айналдырады.

Ата-аналармен байланыс – тәрбие жұмысының тағы бір маңызды педагогикалық негізі. Отбасы мен мектептің бірлескен іс-әрекеті баланың үйлесімді дамуына, тұрақты мінез-құлық пен құндылықтарды қалыптастыруға септігін тигізеді. Мұғалімдер ата-аналармен тығыз байланыста болып, тәрбие үдерісінің бірізділігін қамтамасыз етуі тиіс.

Сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстардың кең тараған түрі – үйірме жұмысы. Мұны ұйымдастыру жүргізу үстінде мұғалімнің шығармашылық дербестігі айқын көрінеді. Үйірме жұмысы алдымен кең тынысты шараларды жүзеге асыруға бағытталуы тиіс, сонда ғана ол оқушылардың ынта – ықыласын толық қанағаттандыра алады [1].

Үйірме жұмысын негізінен теориялық және практикалық бағытта жүргізуге болады. Үйірме жұмысын қамтуда оқушылардың ынта ықыласын ескеру маңызды мәселе. Мұғалім оқушылардың талаптар мен сұраныстарын қанағаттандыра отырып, үйірме мүшелерін ортақ іске жұмылдыруы тиіс. Үйірменің жетекшісі алынған тақырыбының үйретушілік және тәрбиелік маңызына ерекше мән бергені жөн.

Бастауыш мектеп балаларға белгілі бір білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды шынайы түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Баланы оқыта отырып, оны шығармашылық бағытта жан-жақты дамытады.

Оқушының бос уақытын тиімді ұйымдастыру, оған дұрыс бағыт беріп отыру-барша қауымның ортақ ісі. Оқушы жан-жақты болып өсу тек қана оның мектепте өткізген уақытымен шектелмейді. Бүгінгі таңда жаңа білімді адамды қалыптастыру барысында мектептің қызметі күннен-күнге ұлғая түсуде.

Сыныптан тыс жұмыстарда балалар жасампаздық немесе рөлдік ойындарға ерекше орын береді. Бұл жастағы балалардың ойын іс - әрекеті әрдайым жасампаз болады. Ойында балалар өздерін еліктіретін белгілі бір өнегеге ұқсап бағады. Сондықтан мұғалім балалар ойынына мұқият қарап, олардың орынды өнегеге еліктеуіне жәрдем етуі керек. Оқушылардың ойын іс - әрекетінің құндылығы оның барысында түрлі қиындықтарды жеңуінде, өз тәртібін басқаратынында, батыл, жігерлі және орнықты бола алатындай ойын ұйымдастырылса, ойын өмір мектебі, өз құрдастарының ұжымына еңбек және қарым-қатынас мектебі бола алады. Ойын ұйымшылдық сезімді бекітіп, баланың бастамасы мен өз бетіндігін бекітеді [2].

Сыныптан тыс жұмыстарды түрлі іс-әрекеттердің тәрбиелік мүмкіндіктерін пайдаланып, баланың қоғамдық мәнін мақсатты, жан-жақты және үйлесімді дамытады. Мектептегі сыныптан тыс тәрбие іс-әрекеттің мазмұнына, ұйымдастырылуына және әдістеріне қойылатын талаптарды бейнелейтін тәрбиенің жалпы принциптері негізінде құрылады. Дегенмен, сыныптан тыс тәрбие жұмысының өзіндік принциптері бар. Бастауыш мектепте сыныптан тыс жұмыстың бір принципі – оған оқушылардың өз ырқымен қатынасуы. Сыныптан тыс жұмыстардың түрлі бағыттары мен ұйымдастыру түрлері бар. Балалардың өз ынтасы мен қабілеттерімен сәйкес істерді таңдап алу мүмкіндіктері бар.

Сыныптан тыс жұмыстарда тәрбие барысының ішкі қарам –қайшылықтарын айқын көруге болады. Мұғалімдер, оқушылар ұжымы жетекшілері, қоғамдық ұйымдар өкілдері, ата - аналар балаларға өзін көрсете алатын іс әрекет түрлерін таңдап алу қажет екендігіне кеңес бере алады. Сыныптан тыс жұмыс балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере құрылса, олардың әлеуметтік ортадағы кез келген қарым – қатынасын реттеуге болады.

Сыныптан тыс оқушылардың бастамаларын және өзіндік іс - әрекеттері болу принципін есепке алу арқылы да жүргізіледі. осы принципті еске ала отырып, мұғалім, ата - аналар, жұртшылық өкілдері, қамқоршы оқушылар іс - әрекет түрлерін ұсынады. Ұсыну қызықты істерді оқушылар өз бастамасына сай таңдап алатындай болып шығуы керек. Сыныптан тыс жұмыстың өзі де ұдайы дамиды. Бұл оқушылар құрамын, олардың қызығуын есепке алып отыруға жағдай жасайды[3].

Педагогика ғылымында сыныптан тыс жұмыстардың түрлерін топқа бөлу айқын қалыптасқан жоқ. Дегенмен, мектеп тәжірибесінде сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру түрлерінің жүйесі айқын көрінеді. Бастауыш мектеп жасындағы балалармен сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырып, өткізуге жетекшілік рөл – мұғалімдікі. Ол ата - аналардың, жұртшылықтың, еңбек ұжымдарының, қамқоршы оқушылардың күшін біріктіреді. Сыныптан тыс жұмыстар бұл кезде оқушылар ұйымдарының іс - әрекетімен тығыз бірлікте жүргізіледі. Оқушылардың қоғамдық мәнінің әлеуметтік белсенділігін қалыптастыруға, жасампаздық қабілеттері мен дарындарының дамуына мүмкіндік береді [4].

Сабақтан тыс шараларды ұйымдастыруда көп жағдайда балалардың қызығушылықтары мен мүдделері ескерілмей жатады. Осыған орай, қандай да бір іс-шараны, сыныптан тыс шараларды ұйымдастыруға мынадай талаптар қойылуын ұсынар едім:

-сыныптан тыс шаралардың оқу бағдарламасынан жеке дара бөліп қарамау, яғни сабақ пен сабақтан тыс жұмыстар өзара тығыз байланыста болуы керек;

-сыныптан тыс шараларды ұйымдастырып, өткізуде баланың жас ерекшелігі ескерілуі қажет;

-сыныптан тыс шараның әр жолы әр түрлі формада ұйымдастырылуы;

-сыныптан тыс шараларда да сабақтағы сияқты жеке, жұптық, топтық жұмыстар жоспарлануын ескеру және алдын-ала тапсырмалар беруде балалардың қабілеті мен бейімділігін ескеру.

Сыныптан тыс жұмыстарды мағыналы ұйымдастырудың нәтижесінде сабақта үлгерімі төмен оқушыны озат оқушы қатарынан көрінуіне жетелеуге болады. Дұрыс бағыт таңдалып, қабілеті мен бейімділігін ескеріле отырып берілген тапсырманы кез келген үлгерімі төмен оқушы аса бір құлшыныспен орындап келуге тырысады. Сыныптан тыс жұмыс-мақсат, мазмұны бойынша оқу үрдісімен ұштасып жатады, яғни оның сабақтан тыс кезіндегі жалғасы.

«Оқу мен еңбек егіз» деген ұғым осындайдан туса керек[5]. Ұйымдастырылуында анықтаушы рөлді мұғалім атқарады, дегенмен төртінші сыныпқа келгенде ұйымдастыру жұмыстарын сыныптың белсенді топ мүшелеріне тапсыруға болады. Мұндай сенім арту-оқушының өзін-өзі басқаруын жүзеге асыруына, позитивті көзқарасын арттыруға септігі мол.

Сыныптан тыс әрбір шараны өткізу барысында сыныптың тәрбие жұмысын айқындайтын Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы негізінде тәрбие жұмысын жүргізудің 8 бағытына негізделген бір оқу жылына арналып бекітілетін тәрбие жоспары басшылыққа алынады. Яғни, мектеп пен сынып тәрбие жұмысының өзектілігі

өзара тығыз байланыста болады деген сөз. «Сабақтан тыс шараларда тәрбие нәтижелеріне қол жеткізудің формаларына» әдістемелік ұсыныстарым ретінде мыналарды қарастырдық. Сабақтан тыс іс-әрекет – бұл оқу процесінен тыс уақытта ұйымдастырылатын тәрбие жұмыстарының кешені. Оның педагогикалық негіздері мен принциптері оқушылардың тұлғалық дамуына зор әсер етеді. Сабақтан тыс іс-әрекет балалардың қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес ұйымдастырылуы қажет. Оның басты педагогикалық принциптері:

-Дамытушылық қағидасы – оқушылардың логикалық ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту

-Жас ерекшелігін ескеру – оқушының психологиялық және физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес жұмыс жүргізу

-Тұлғалық-бағдарлы оқыту – әр оқушының жеке тұлға ретінде дамуына бағытталған іс-әрекет.

- Ізгіліктілік және ынтымақтастық – мұғалім мен оқушы арасындағы сенімді қарым-қатынас орнату.

-Әлеуметтік байланыс – ата-аналармен және қоғаммен тығыз қарым-қатынас орнату.

Бұл принциптер сабақтан тыс іс-әрекетті тиімді ұйымдастыру үшін негіз бола алады.

Бастауыш сыныптарда сабақтан тыс іс-әрекеттердің көптеген түрлері бар. Әрбір түрдің өз мақсаты, міндеттері мен тәрбиелік мәні бар. Оқушылардың қабілеттерін толық ашу үшін әртүрлі іс-шараларды өткізу өте маңызды.

Көркем өнер үйірмелері оқушылардың эстетикалық талғамын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Мысалы, сурет салу, қолөнер, музыка мен би үйірмелері балалардың сезімдеріне әсер етіп, олардың көркемдік ойлауын дамытады. Мұндай үйірмелер оқушыларды өздеріне сенімді болуға, шығармашылық дағдыларын ашуға үйретеді.

Спорттық ойындар мен іс-шаралар оқушылардың денсаулығын нығайтуға, олардың физикалық дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл балалардың ұжымда жұмыс істеу дағдыларын дамытуға, жауапкершілік пен тәртіптілікке тәрбиелейді. Спорттық іс-шаралар командалық рухты дамытуға көмектеседі, ал жеңіс пен жеңіліс жағдайында эмоционалдық тұрақтылықты сақтауға үйретеді.

Оқушыларға сахналық қойылымдар арқылы шығармашылықпен айналысу мүмкіндігі беріледі. Бұл олардың актерлік шеберлігін, сөйлеу мәдениетін және қоғамдық жұмыстарға қатысу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, балалардың өздеріне деген сенімі артып, топтық жұмыстарға дағдыланады.

Ерікті жобалар – оқушыларға өз қызығушылықтары мен идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл жобалар оқушылардың зерттеу қабілеттерін, өзін-өзі ұйымдастыру

дағдыларын дамытады. Мұғалімдер балалардың жеке бастамаларын қолдап, олардың креативті ойлау қабілеттерін шыңдайды.

Сабақтан тыс іс-әрекет оқушыларға тәрбие беруде маңызды рөл атқарады. Ол баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға, оның әлеуметтік дағдыларын дамытуға, өз-өзін басқару қабілетін арттыруға көмектеседі. Сабақтан тыс іс-әрекет барысында балалар өмірлік тәжірибе алады, өз мүдделері мен қажеттіліктерін түсінеді, басқалармен қарым-қатынас орнатуға дағдыланады. Мысалы, шығармашылық үйірмелер мен спорттық ойындар арқылы оқушылар өз қабілеттерін ашып, өз мүмкіндіктерін толық пайдалануға мүмкіндік алады.

Сонымен қатар, әлеуметтік тұрғыдан олар қоғаммен қарым-қатынас орнатуды, ұжымда жұмыс істей білуді үйренеді.

Кесте 1- Сабақтан тыс шаралардың формалары

Қызмет түрлері	Нені қалыптастырады?
Танымдық қызмет	Оқушы дүниетанымын кеңейтеді, білімге құмарлығы мен зияткерлігін қалыптастырады
Көркемдік қызмет	Әстетикалық талғамын, әсемдікті сезіну, көркем ойлауын дамытады
Спорттық қызмет	Салауатты өмір салтын ұстануына жағдай жасайды
Еңбек қызметі	Еңбекке деген құлшынысы адамдарға, өзіне құрметпен қарауына оң ықпал етеді
Құндылықты-бағдарлы қызмет	Жалпы адамзаттық құндылықтарды ұтымды ұғынуға, сезінуге бағытталады
Өлкетанушылық қызмет	Мектебінің тарихын, туған өлкенің тарихын тануға бағытталады

Бұл кесте бойынша күтілетін нәтижеде жоғарыда аталған құндылықтарды бойына сіңіріп өскен оқушы болашақта өз Отанының патриоты, адалдық пен еңбекті сүйетін, білімді жан-жақты, жеке тұлға болып қалыптасары анық.

Қорытындылай келе, бастауыш сынып оқушыларының сабақтан тыс іс-әрекетін ұйымдастырудың маңызы зор. Бұл іс-шаралар балалардың жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға, шығармашылық әлеуетін ашуға ықпал етеді. Сабақтан тыс іс-әрекеттердің түрлері мен оның тәрбиелік мәні оқушылардың дамуында маңызды рөл атқаратын факторларға айналады. Мұғалімдер мен ата-аналар бірлесіп, балалардың жеке дамуына жағдай жасауы тиіс.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қоянбаев Р.М. Педагогика А,1992ж
2. Қазақстан мектебі-2008ж. №7-8 Б 32-36
3. Қалиұлы Серғазы «қазақ энциклопедиясының теориялық негіздері мен тарихы» Алматы, 2013ж
4. Серикова Н.У «Жеткіншектердің рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың педагогикалық диагностикасы» // Білім – образование. Алматы, 2010ж. №6
5. Қожахметов Қ.Ж «Мектеп-ұлттық тәрбие жүйесі» Алматы, 2002ж